

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

ӘОЖ 37.1174:37.06

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ РӨЛІ

Абдимоминова, Д.К.,

*аға оқытушы, педагогика ғылымының магистрі
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

Түйін

Болашақ мамандардың рухани мәдениеті олардың тарапынан игерілуі тиіс ауқымды білімдер қорынан, сол білімдерді тұрмыс-тіршілікте қолданып, пайдалану үшін қажетті ептіліктер мен дағдылардан, елін, ұлты мен отанын құрметтей білуден көрінеді.

Осыған орай бұл мақалада жоғарғы оқу орындарында студенттерге рухани жаңғыру аясында рухани тәрбие берудің қажеттілігі қарастырылған.

Тәрбиелік үдеріс пен оқу үдерісі мазмұнының біртұтастығындағы жайында, сонымен қатар рухани жаңғыру аясында студенттермен жүргізілетін бірқатар мәселелерге талқылау жасалынған. Болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі мен рухани мәдениетінің қажеттілік рөлі айқындалған.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: рухани жаңғыру, болашаққа бағдар, ұлтжанды патриот, руханилық және адамгершілік.

1.Кіріспе

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды. Сана сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі барлық деңгейдегі білім мекемелерінде тәрбие жұмыстарын нығайту қажеттігін баса назарға алған маңызды құжаттар мен бағдарламалар қабылдады. Бүгінгі студенттерді университет қабырғасында халық, қоғам және мемлекеттің рухани-адамгершілік үрдістерімен қаруланған, жоғары мәдени өркениет кеңістігін жасауға дайын маман, кәсіп иесі ретінде қоғамға еруге баулу. Университетімізде студенттерді тәрбиелеу тұжырымдамасы тәрбие қызметтерінің әдіснамалық, мазмұндық ауқымды мәселелерін қамтыды әрі өткен уақытта олардың бірқаншасы орындалды да. Оқу ордасында тәрбиелік жұмыстар бірқалыпты жүйеге түсіп, қалыптасуда, олардың нәтижелілігі бақылауға (мониторинг) алынуда, университеттің көп салалы тұрмыс-тіршілігінде тәрбиелік қызметтің маңыздылығына, оның жалпы білім және оқу-үйретім үдерісінде басымдау келуіне деген түсінік біртіндеп қажетті деңгейге көтерілуде.

Бүгінгі таңдағы адам тәрбиесіне қатысты міндет мәні - өздерінше үздіксіз жетіліп баруға қабілетті, жоғары мәдениет деңгейіне қол жеткізген, тән-дене, ақыл-ес және адамгершілік-имандылық мүмкіндіктерін паш етуге дайын, ұлттық және әлемдік мәдениет шеңберінде жалпыға бірдей белсенді қызмет етуге ықыласты тұлғаның дамуына көмектесу.

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес тәрбие:

1) тәлім жүйесінде іске асырылатын, қоғамдық және отандық құндылықтар жасау шарттарын түзуге орайластырылып, шәкірттердің рухани дамуына мақсатты бағытталған іс-әрекет;

2) шәкірттерге тұрмыс-тіршілікте танылып, ізгілік-азаматтық және кәсіби кемелденуіне көмек қызмет;

3) тұлғаның өз табиғи мүмкіндіктерінің ашылуына және олардың іске асуына жәрдем ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты алғы шепке өз қызметінің басты міндеті шәкірт бірегейлігін, оның өзіндік құндылығын, оқу-үйретім мен тәрбие үдерісінің субъективтілігін таныған болашақ маманды тәрбиелеу көзделеді.

Студенттік шақ – бұл елеулі кемелге жеткен тұлғалық жас, бұл шақтағы студент өз болашағы мен өзінің тұрмыс-тіршілік мән-мағынасын таныған, адам өмірінің жедел ауысымды жаңа формаларын қабылдауға дайын тұлға ретінде көзге түседі. Солай да болса, шексіз еркіндікке кенелген жас адам оны жауапкершілікпен пайдалана білмейді. Осы орайда топта жүргізілетін куратор сағаттарының алатын орны ерекше. Сол сағаттар арқылы студенттер бағыт-бағдар алып отырады. Бұл өз ретінде жүйелілікті талап етеді.

Университеттің жүйелілік тұрғысынан қалыптасушы мәдени-білімдік кеңістігі әрбір студенттің өзін-өзі біртұтас әрі жасампаз тұлға, болашақ педагог-тәрбиеші ретінде тану және өз құнын пайымдау аймағына айналды. Осы өзіндік таным мен өз құндылығын сезіну студентке өзіндік реттеуге, айқындау мен қоғамдағы беделін орнықтыруға қажет ерік-күшінің асып-тасуына ынталандырады.

2.Материалдар мен әдістер

Болашақ мамандардың жалпылай мәдениеті олардың тарапынан игерілуі тиіс ауқымды білімдер қорынан, сол білімдерді тұрмыс-тіршілікте қолданып, пайдалану үшін қажетті ептіліктер мен дағдылардан көрінеді. XXI ғасыр маманы – бұл эрудит, рухани дүниесі мен ақыл-өрісі кең әрі тереңдей дамыған, көп тарапты әлеуметтік, тарихи білімдермен сусындаған, эстетикалық талғамы мен жоғары деңгейлі моральдық сапаларды бойына сіңірген зиялы қауым өкілі.

Болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі мен мәдениеті олардың бойында келесідей адами сапалардың орнығуына тәуелді:

1) интенционалдық – адамның өзіндік дамуына бағыттылығы;

2) креативтік – тұлғаның өзіндік шығармашылыққа қабілеті мен өзгелердің де шығармашыл дамуына жағдайлар жасауға ынталы болуы;

3) жариялылық – білім әрекеттестігіне қатысушы барша субъектілермен тең құқықты, көңіл шуағын бірдей бөліскен қарым-қатынас түзе білу ептілігі және т.б.

Университетте білім игеріп жатқан көп ұлттан құралған студенттер мен оқытушылар қауымының алдында тұрған мәртебелі міндет әрбір шәкірттің Қазақстан Республикасының азаматтығына, ұлтжандылығына қол жеткізу әрі өзге ұлт, мемлекет өкілдерінің Қазақстан Республикасы шарттарын ардақтай білуі, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің өрісінің кеңеюіне белсене атсалысу сезімін баянды ету.

Тәрбиелік үдеріс мазмұны біртұтастықта болуы керек. Тәрбиелік үдеріс мазмұнының біртұтастығы – бұл мәдениет адамының сол үдерісте өздігінен бой тіктеуіне қажетті шарттардың өрнек табуы, оның әрбір бөлігінің болашақ маманның кемелденуіндегі әрекеттерінің өз бетінше реттелуіне қажет бірігімді механизмі есептелетін «Мен» - тұжырымының орнығуына орайлас келуі. «Мен» – тұжырымының кемелденіп, тұрақтануы көпсубъектілі (диалогтық) қатынастарға, барша іс-әрекет, қызмет түрлеріне болған даралықты-шығармашылық бағыттылыққа, аталған әрекеттер нәтижесіне деген кәсіби-этикалық, өзара жауапкершілік шарттары сақталғанда ғана мүмкін. Болашақ маман тәрбиесі мазмұнында әрбір адамның азамат, кәсіпқой, отбасы иесі ретінде кемелге жету шарттары өрнек табады. Есқалиева С.Б. (2014)

Азамат – елжанды, ұлтжанды патриот, гуманист. Ел заңдары мен қоғамдық өмір ережелерін біледі, құрметтейді және ұстанады. Әлеуметтік белсенді. Құқықтық сана мен азаматтық белсенділік көрсетуге, ел тағдырына, өз ісінің сапасына, жеке өмірінің салауаттылығына жауапты. Адал, шыншыл, сезімтал, қайырымды; ұлт - ұлыстық, үрдіс-дәстүрлерге, мәдениетке, табиғатқа қамқор, өзге адамдар құқығы мен еркіндігін сыйлайды, жоғары да ізгілікті жалпы және құқықтық мәдениетті тұлға ретінде өзіндік тәрбиені қастерлеуге бейімді.

Кәсіпқой – өз кәсібін қоғамдық қызметте орындау мәртебесі және өзінің тұлғалық беделін паш етумен бірге шығармашыл дарынын іске асырудың біртұтас әрі қайшылықсыз құралы ретінде жете таниды. Өзінің кәсіби дайындығы мен мамандық-кәсіби еңбегінің қажетті деңгейде болуына жауапкершілікті сезінеді. Өзінің қызмет бабындағы іс-әрекеттерінің салдарына саналы да кәсіби дәйекті қатынастар жасауға дағдыланған. Барлық әрекет-қылығы мән-мағыналы игерілген әрі қоғамдық этика заңдары мен жалпы-мәдениеттік талаптарға сәйкестендірілген. Өзге адамдарды бірегей де қайталанбас тұлға ретінде танып, адамзаттың мәдени, әрі рухани құндылықтарына араласуда оның да, өзінің де еркін табысқа жету құқығын сөзсіз мойындауда екі тараптық (диалогтық) қатынас жасау ептіліктерін дамыта біледі. Е.А.Бәкетов (2005)

Отбасы иесі – некеге тұруды өзінің сүйген адамымен қосылу ниеті ғана деп шектелмеген, отбасы міндеттерін орындауды өз жауапкершілігіне алуға дайын екендігін сезінеді. Өз перзенттерін отбасы мүшелерінің арасында қалыптасқан мейір-махаббат, құрмет және қайырымдылық шуағымен тәрбиелеуге жауапкерлігі. Ата-аналарын, егделерді сыйлай біледі. Жанұя қатынастарын салауатты өмір салтына, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық өнеге-өрнектерге сәйкес түзе біледі.

3.Талқылау

Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде университетімізде көптеген келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, оқытушылар қауымы қосатын үлес – студент жастарымызды жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп түсіну керек.

Н.Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа

ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Педагогика саласындағы біздің университетіміздің дәрісханадан тыс жұмыстардың басты міндеті – сол жұмыстардың әрқилы формалары арқылы студенттердің кәсіби, көркем-өнер, спорттық және басқа да қабілеттерін дамыту, олардың мәдени және рухани өрістей түсуіне мейлінше қолдау-қуаттау беру.

Дәрісханадан тыс жұмыс – тұлғалық бой тіктеу мен өз мүмкіндіктерін іске асырудың маңызды құралы; оның арқасында студенттердің ой-өрісі мен шығармашыл дарынын іске асыру аймағы кеңейеді, зерттеушілік ізденіс әрекеттер көзі ашылып, белсенділігі артады, әлем көрінісі, сол әлемдегі адам орны мен маңызы жөніндегі ұғым-түсініктері баюымен жалпы және кәсіби мәдениеттерінің деңгейі көтеріледі.

Университет қабырғасында болашақ маман даярлаудың бүгінгі заман талаптарына сай келер жүйесінің ажырамас құрамды бөлігі – тәрбиелік жұмыстар студентке өзін тұлға және болашақ мамандық иесі ретінде көрсете алуына мүмкіндік берерін жан-жақты, көп тарапты да әрқилы деңгейлі іс-әрекеттерді жалпы институттық, факультеттік, студент топтарындағы, жатақханадағы, шағын топтар мен шағын ұжымдарды қамтиды.

Сондықтан студенттер тарапынан өткізіліп жатқан сабақтан тыс шаралар мазмұндық, этикалық-эстетикалық, шапағат-ізгілік тұрғысынан бағалануы тиіс.

4. Қорытынды

Қорыта келгенде, жоғары кәсіби білімнің маңызды бірлігі саналатын болашақ маман дайындау міндеттерін қою және оны тиімді шешу терең әлеуметтік-педагогикалық мәнге ие, себебі сол шешімге орай бүгінгі таңдағы білім жүйесінің реформасы, жалпы білімнің болашақта дамуы қамтамасыз етіледі.

Жалпы кәсіби мәдениетке ие, шығармашылыққа бой ұрған адам ретінде әрбір маманның тәрбие проблемаларына назар аудару болашақ кәсіп иесінің өзінен бұрынғы озат тәжірибе, үлгіні пайдалана отырып, шығармашыл еңбек үшін шарттар түзуге қолайлы, икемшіл, білім жүйесіндегі барша субъектілерге пайдалы кәсіптік-педагогикалық жөн-жоба жасауға мүмкіндік береді. Осыдан да ұсынылған тұжырымдамада тәрбие табыстылығы болашақ маманның жалпы әрі кәсіби мәдениетінің кемелденуі мен дамуы тұрғысынан қарастырылады, алайда субъектінің мүмкіндік кемелі мен дамуы сырттан келетін тікелей ықпалдан болмай, ЖОО–ның мәдени-білім кеңістігіндегі аралық қатынастар шеңберінде, ұстаздар, курстастар, әкімшілік және ресми емес ұйымдармен байланыс-қатынастар түзу барысында шәкірттің өз шығармашыл жасампаздығы және бой көрсете білуі нәтижесінде орындалатынына басты мән берілді.

Тәрбие тұжырымдамасының іске асуы тікелей оның белгіленген мақсаттарға сәйкес формаларда өріс алуына және әрбір ұстаз бен шәкірттің жаңашыл, тұлғалық бағытты тәрбие парадигмасын ұғына қабылдауына психологиялық дайындығының қалыптасуымен бірге жүреді. Жастардың, әсіресе, студент жастардың, интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана өлшенбейді. Сонымен қатар олардың рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Рухани жаңғыру – әрбір жеке тұлға үшін оның тәрбиесі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухани тамырынан нәр алған құндылықтары мен оның жаһандық өзгерістерді дұрыс бойына сіңіруі яғни, Елбасымыз атап өткендей ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Әдебиет тізімі:

Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі Есқалиева С.Б.. [Мәтін] / С.Б. Есқалиева, Астана: Фолиант, 2014. – 192 бет

Салт-дәстүрлермен ұлттық ойындар негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру //Академик Е.А.Бәкетов – ғалым, педагог, ойшыл: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, 2005. – Б.57-59.

Мәлімет редакцияға түсті: 14.02.2018

АБДИМОМИНОВА, Д.К.

РОЛЬ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ» В ДУХОВНОМ РАЗВИТИИ СТУДЕНТОВ

Духовная культура будущих специалистов отражается в обширной базе знаний, способности использовать приобретенные эти знания в повседневной жизни, а так же в уважении к своей стране, национальности, малой и большой родине.

В этой связи, в статье подчеркивается необходимость духовного воспитания студентов в высших учебных заведениях.

Обсуждается образовательный процесс и содержание учебного процесса, а также ряд вопросов работы со студентами в духе духовной модернизации. Определена роль профессиональных навыков и потребность в духовной культуре будущих специалистов.

Ключевые слова: духовное возрождение, будущая ориентация, патриотизм, нравственность и духовность;

ABDIMOMINOVA, D.K.

THE ROLE OF THE REALIZATION OF THE PROGRAM «RUKHANY ZHANGIRU» IN THE SPIRITUAL DEVELOPMENT OF STUDENTS

The spiritual culture of future specialists is reflected in the extensive knowledge base, the ability to use this knowledge in everyday life, as well as in respect for one's country, nationality, small and large homeland.

In this regard, the article emphasizes the need for spiritual education of students in higher educational institutions.

The educational process and content of the educational process are discussed, as well as a number of issues of working with students in the spirit of spiritual modernization. The role of professional skills and the need for the spiritual culture of future specialists have been determined.

Keywords: spiritual revival, future orientation, patriotism, morality and spirituality;

ӘОЖ 323

Күзембайұлы, А.,

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Әлібек, Т.,

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан

Ғабдрахимова, Ә.,

әлеуметтік-гуманитарлық факультеттің

4 курс студенті,

ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ САЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Түйін

Мақала Қазақстан Республикасы саяси ғылымының негізін қалаушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор ҚР Саясаттану академиясының президенті Тлеміс Глеуғабылұлы Мұстафинге арналған. Авторлар Т. Мұстафиннің мемлекетімізде саясаткерлерді даярлаудағы ұйымдастырушылық қабілеттерін айқындап, өмірбаянынан қысқаша деректер келтіреді.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: саясаттану, ғылыми үйірмелер, әлеуметтанулық зерттеулер, инновациялық әдістер.